



**Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ
АҚТӨБЕ Өңірлік
МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ**

ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА

АНЫҚТАМА – БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ БӨЛІМ

ТҰҢҒЫШ ФИЛОЛОГ - ПРОФЕССОР

Биобиблиографиялық көрсеткіш

АҚТӨБЕ - 2018

**Тұңғыш филолог-профессор: Биобиблиографиялық көрсеткіш
/Құраст.: Шаншарова Г.И. – Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік
мемлекеттік университетінің ғылыми кітапханасы. – 2018 ж.**

Биобиблиографиялық көрсеткіш профессор Қ.Жұбановтың өмірі,
қоғамдық жұмыстары мен ғылыми мұрасының танытуға арналған.

Аталған еңбек студенттер мен аспиранттарға, профессор-оқытушылар
мен жалпы ғылыми қауымға арналған.

Басылымға жауапты:
кітапхана директоры

Мазылбекова И.У.

Құрастырған:
библиограф

Шаншарова Г.И.



Қазақ филологиясының тұңғыш профессоры, қазақ лингвистикасының теориялық негізін салушылардың бірі.

Жорға немесе желден жүйрік тұлпарды алғашқы аяқ алысынан-ақ тануға болса, сол секілді Құдайберген Жұбановтың да бірінші қадамдары оның кім екенін, қозғам үшін маңызын білдіретін еді.


Мұхтар Әуезов

Құдайберген Қуанұлы Жұбанов өткен ғасырдың соңғы жылының соңғы айында – 1899 жылы 19 желтоқсанда дүниеге келді. Әкесі Қуан шағын дәулетті, шаруа қуған еңбек адамы болған. Жұбан әулетінің аталастары Темір уезінің қазіргі Ақтөбе облысындағы Темір-Орқаш болысына қарасты 9-ауылдағы Қосуақтам деген жерді жайлап-қыстайтын.

Әкесі Қуан 1919 жылы күзде 47 жасында сүзектен, келесі көктемде оның інісі Тәпен дүние салды. Еншісі бөлінбеген екі үйдің барша жанын асырап, қамқоршы болу бұғанасы қатпаған 20 жасар Құдайбергеннің басына түседі. Білім-таным деңгейі жоғары, жаңа орнап жатқан саяси-әлеуметтік құрылысты мейлінше қостаған Құдайберген Кеңістік жүйені нығайту ісіне де қызу кіріседі және белсене ат салысады. 1918-1920 жылдары көлденең Темір болыстық Совдептің әуелі хатшысы, кейін төрағасы болып, ал 1922-1925 жылдары Темір уездік атқару комитетінің мүшесі болып сайланады. Қ. Жұбанов бұл кезеңде мынадай қызмет атқарған; 1923 жылдың желтоқсанынан 1925 жылдың қыркүйегіне дейін Темір уездік халық ағарту бөлімінде инспектор болып істейді. Ол 1928 жылдың желтоқсанына дейін губерниялық ағарту бөлімінде инспектор-методист болып істейді және Ақтөбе қаласында ашылған педтехникумның (осы күнгі педколледж) мұғалімі болады. Білім мен

кажыр Құдайберген Жұбановты әрі қарай ілгері бастай береді; ол 1928 жылдың жазында Ленинградтағы Енукидзе атындағы Түркі шығыс тілдері институтын бас-аяғы жарты жыл шамасында экстерн ретінде тәмамдап, тілші-түрколог дипломын алып қайтқаннан кейін оны сол 1928 жылдың соңында жоғары білімді тәжірибелі методист әрі ағарту ісін жақсы білетін практик-педагог ретінде Қазақстанның сол кездегі астанасы Қызылордаға алдырып, Республикалық халық ағарту комиссариатына қызметке тағайындайды. 1929 жылы Қ. Жұбановты Қазақстанның астанасы Алматыдағы алғашқы кезде қазақ университеті деп, кейіннен ҚазПИ болып аталған, осы күнгі Абай атындығы ҚазМУ-дің түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы кафедрасына ғылыми қызметкер етіп шақырылады. Көп ұзамай, 1932 жылғы 1 қазанында Қ. Жұбанов қазақ тілі мен әдебиетінің біріккен кафедрасының меңгерушісі болып тағайындалады. Қ.Жұбановтың профессорлық қызметі осылай басталады. Қазақ филологиясының тұңғыш профессоры 1937 жылдың 19 қарашасына дейін осы қызметін абыройлы атқарып, қазақ тіл ғылымына ерекше еңбек сіңіреді. Құдайберген Жұбанов есімі бүгінде халқымыздың мақтанышына айналды. Бүгінде көрнекті ғалымның есімі мен еңбектері қазақ халқымен, оның тілімен бірге мәңгі жасай беретінінде еш күмән жоқ.

Әдебиеттер



Жубанов К. Исследования по казахскому языку: Вопросы грамматики казахского языка. – Алматы, - 236 бет

Қазақ совет тіл білімі негізін қалаушылардың бірі, көрнекті ғалым профессор Қ.Жұбановтың бұл жинағына оның бірқатар монографиялық еңбектері мен ғылыми мақалалары еніп отыр. Бұларда автор жалпы түркология ғылымына, оның ішінде қазақ тіліне қатысты проблемаларды қозғайды. Бұл кітапқа ғалымның бұрын жарияланбаған бірқатар еңбектері архивтен алынып еңгізіліп отыр. Бұлардың барлығы да қазіргі кезде көпшілік оқушының қолына түспейтін библиографиялық сирек бұйымға айналып кетті.




Тектіғұлова Ж. Кейбір тілдік элементтердің этимологиялық табиғаты: Проф. Қ. Жұбановтың лингвистикалық концепциялары тұрғысынан. – Ақтөбе, 1994. – 42 бет.

Еңбектің авторы-Ақтөбе пединститутындағы қазақ тілі кафедрасының бұрынғы оқытушысы, қазірде Алматыдағы қыздар педагогикалық институтының аспиранты Ж.Тектіғұлова. Көмекші оқу құралы Ақтөбе пединститутының «Жұбановтану зертханасы» мақұлдаған ұйғарым бойынша жарияланып отыр.




Профессор Қ.Жұбановтың туғанына 100 жыл толуына орай зиялы қауымға ұсынылып отырған бұл жинаққа 1989, 1994, 1996 жылдарғы «Жұбанов тағылымы» республикалық конференцияларында жасалған баяндамалар, хабарламалар енгізіліп, ғұлама ғалымның тағылымын зерттеумен қатар қазіргі заман тіл білімі, әдебиеттану, педагогика, Қазақстан тарихы ғылымдарының өзекті мәселелері қарастырылады. Жинақ ғылыми қызметкерлерге, оқытушыларға, студенттерге және көпшілік оқырманға арналған



Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер – Алматы, 1999 – 581 бет.

Қазақ тіл білімінің ғылыми-теориялық негізін қалаушылардың бірі, аса көрнекті ғалым, профессор Қ.Қ.Жұбановтың оқырмандарға ұсынылып отырған бұл жинағына ертеректе жарияланған, қазір сирек кездесетін еңбектерімен қатар, бұрын жарық көрмеген тың туындылары да енгізілді. Олардың ішіндегі «Қазақ тілінің жоғары курсы», «Төңкеріс және ұлт тілі», «К постановке исследований истории фонетики казахского языка» тәрізді еңбектерін ерекше атап өтуге болады.




Международная выставка экслибриса и графики посвященная 100-летию Кудайбергена Жубанова. – Ақтобе, 1999



Жұбанова М. Әке – Жыр: Поэма. – Алматы: «Арыс» баспасы, 1999 . – 280 бет.

Муслима Жұбанованың тұңғыш өлеңдер топтамасы – ғұмырнамалық поэма, толғау. Бір әулеттің тағдыры арқылы тарихтың аумалы-төкпелі кезеңінің шындығы суреттеледі.

Кітап қазақ халқының біртуар азаматы, профессор Құдайберген Жұбановтың (1899-1938) жүз жылдық мерейтойы қарсаңында арнайы шығарылып отыр.



Кенжебаев К., Оралбай Ә. Құдайберген Жұбанов: Деректі ғұмырнама. – Алматы, 2000. – 280 бет.

Халқымыздың аяулы азаматы, ғұлама ғалым Құдайберген Жұбановтың өмірі мен шығармашылығы әрі нәрлі, әрі терең. Кітапта оның өмірінің қырлары мол деректер негізінде терең ашылып, жан-жақты әңгімеленеді.




Хасанұлы Быхытжан. Жұбановедение в контексте формирования общего языкознания, социолингвистики и психолингвистики в Казахстане. Репрессии в сфере языка. – Ақтобе. 2000 – 120 с.

Книга посвящена выявлению вклада Х.К.Жубанова в различные отрасли языкознания. Общее языкознание, социолингвистику, психолингвистику, сопоставительную типологию и когнитивную лингвистику. Анализируются общезыковедческие взгляды Х.К.Жубанова, рассматриваются теоретические разработки ученого, находящие отклик и в современном языкознании, описываются репрессии в сфере языковой жизни как разновидность управления, насилия по отношению к специалистам национальных языков.



Ақтобе: Энциклопедия. – Ақтобе «Отандастар – Полиграфия» ЖШС, 2001.- 436 бет.



Сәдуақас Н.Ә. Профессор Қ.Жұбановтың қазақ тілі фонетикасы саласындағы еңбектерін оқыту. – Ақтөбе, 2001 – 87 бет.

Қазақ филологиясы факультеттеріндегі «Қазіргі қазақ тілі» пәнін оқып-үйрену барысында қазақ тіл білімінің ғылыми теориялық негізін қалаушылардың бірі профессор Қ.Жұбановтың ғылыми мұрасына ерекше назар аударылады. Әдістемелік оқу құралында сабақ, өзіндік жұмыс тақырыптары, жоспары, сабаққа қажетті деректер, әдебиеттер тізімі және пәннің жалпы әдістемелік ерекшелігі көрсетілген.



Миров М.О. Құдайберген Жұбанов публицистикасы: оқыту аспектілері – Алматы, 2002 – 86 бет

Автор қазақ тіл білімінің негізін қалаушы профессор Қ.Қ.Жұбановтың 1914-1937 жылдар арасында жарық көрген шағын мақалаларын бастап, ғылыми-көсемсөздік еңбектерінің тілін, мән-маңызын бүгінгі күнмен байланыстыра отырып қарастырған. Көмекші оқу құралында жұбановтану саласының жаңа бір оқыту орындарының студенттері мен ұстаздарына арналған.




Жұбанов тағылымы: IV Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары – Ақтөбе, 2004. – 316 бет.

Бұл басылымға қазақ тіл білімінің тұңғыш профессоры Қ.Жұбанов туғанына 100 жыл толу мерейтойына байланысты 1999 жылдың 14-16 қазанда Ақтөбе қаласында өткізілген «Жұбанов тағылымы» IV республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары енген.



Жұбановтану жылнамасынан. Био-библиографиялық дерек көздері. - Ақтөбе, 2004 – 186 бет.

Бұл еңбекте аяулы ғалымымыз – профессор Қ.Қ.Жұбановтың көзін көргендердің естеліктері мен ғалым ілімдерінің мән-жайын зерделеген жаңа буын филологтардың био-библиографиялық туындылары жинақталып, қосымша дерек көздері ретінде ұсынылып отыр. Жылнамалық деректер студенттер мен оқытушыларға, мектеп мұғалімдері мен оқушыларға, ғалым өмірі мен еңбектерін зерттеушілерге көпшілік оқырмандарға арналады.



Сәдуақас Н.Ә. Құдайберген Жұбанов және қазақ тілінің дыбыс жүйесі – Ақтөбе, 2004 – 169 бет.

Бұл еңбекте профессор Қ.Жұбановтың қазақ тілі дыбыс жүйесі мен осы сала терминологиясына қатысты зерттеулері қазіргі ғылым жетістіктері тұрғысынан талданған. Лингвист ғалымның ой-тұжырымдары мен ғылыми пайымдауларының теориялық құндылығын танып, қазақ тілі дыбыс жүйесінің зерттелу тарихы мен оның шешімін күткен өзекті мәселелерімен танысуға болады.



Жұбанов тағлымы: VI Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Ақтөбе, 2005 – 530 бет.

Бұл басылымда қазақ тіл білімінің тұңғыш профессоры Қ.Жұбановтың туғанына 105 жыл толу мерейтойына орай 2004 жылдың 24-25 қарашасында Ақтөбе қаласында болып өткен «Жұбанов тағлымы» VI халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары жарияланып отыр.




Сәдуақас Н.Ә. Құдайберген Жұбанов және қазақ тілінің дыбыс жүйесі – Ақтөбе, 2005 – 171 бет.

Бұл еңбекте профессор Қ.Жұбановтың қазақ тілі дыбыс жүйесі мен осы сала терминологиясына қатысты зерттеулері қазіргі ғылым жетістіктері тұрғысынан талданған. Лингвист ғалымның ой-тұжырымы мен ғылыми пайымдауларының теориялық құндылығын танып, қазақ тілі дыбыс жүйесінің зерттелу тарихы мен оның шешімін күткен өзекті мәселелерімен танысуға болады. Оқу құралы жоғары оқу орны студенттері мен аспиранттарға, филолог мамандар мен мектеп мұғалімдеріне арналған.



Қ.Қ. Жұбанов. Бас әріп керек пе? // Ақтөбе мемлекеттік университетінің хабаршысы. – 2006. - №3. –32 бет



Тайжанов А.Т. Тағылымды танымдар; көмекші құрал - Орал, 2007 – 304 бет

Белгілі ғалым, философия ғылымдарының докторы, профессор Алтай Тайжанұлының бұл кітабына оның әр жылдары жазылған білім, дәстүр, салт, тіл мәселелерінің өзекті тұстарын қамтыған мақалалары кірген. Кітап мектептің жоғары класс оқушыларына, жоғары оқу орындарының студенттеріне, ұстаз қауымына барша көпшілік қауымға арналған.



Айтбаев У. Вопросы казахского языкознания – Алматы , 2007 - 47-48 бет; 163 бет; 214-216 бет; 290-336 бет; 591-594 бет.

Видный лингвист, общественный деятель, академик Умирзак Айтбаев полвека посвятил исследованию казахского языка, особенно его терминологической системе, культуре речи, фразеологии и проблемам перевода. В сборнике особенно подробно рассматриваются вопросы казахской терминологии, его история, формирования и пути развития.

Книга предназначена тюркологам, преподавателям, аспирантам и студентам высших учебных заведений.



Эпос тілін зерттеудің өзекті мәселелері: Көрнекті фольклортанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Есет Жұбановтың туғанына 80 толуына арналған халықаралық дөңгелек үстел материалдары. – Алматы: «КІЕ» лингвоелтану инновациялық орталығы, 2011. –284 бет.

Жинаққа көрнекті фольклортанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор есет Жұбановтың туғанына 80 жыл толуына арналған халықаралық дөңгелек үстел материалдары еніп отыр. Жинақ тіл мамандарына, филология факультеттерінің докторанттарына, магистранттары мен студенттеріне, сондай-ақ көпшілік қауымға арналады.

«Діни ахуалдың аймақтық ерекшеліктері» атты аймақтық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институты, Ақтөбе. – 2012. – 238 бет.



Бұл басылымда аймақтағы әртүрлі әлеуметтік топтардың діни ұстанымдары, білім мекемелеріндегі діни қызметкерлердің адамгершілік мұраттар қалыптастырудағы қызметі, төзімділік пен дінаралық сыйлықтың аймақтық тарихи тамырлары және басқа да мәселелер қамтылған.

Жинақта жарияланған материалдарды дінтанушы ғалымдар, діни қызметкерлер, білім және тәрбие мәселелерімен айналасатын ғалым-педагогтар, дін мәселесін реттейтін мемлекеттік органдар қызметкерлері, басқа да дін мен діни тәрбиеге қатысты әртүрлі сала мамандары ғылыми зерттеу және практикалық жұмыстарында пайдалана алады.

Алдашев Н.М. Профессор Қ.Жұбанов еңбектеріндегі Яссауи жолының зерттелуі// Діни ахуалдың аймақтық ерекшеліктері» атты аймақтық ғылыми-практикалық конференция материалдары. –Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институты, Ақтөбе. – 2012. – 147-151 бет.




Жазықова М. Қ.Жұбановтың әдістемелік мұрасы және лингво- дидактиканың өзекті мәселелері.- Ақтөбе, 2013. – 169 с.

«Қ.Жұбановтың әдістемелік мұрасы және лингводидактиканың өзекті мәселелері» атты монографияда қазақ тіл білімінің ғылыми негізін қалаушы, тұңғыш лингвист-профессор Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың қазақ тілін оқыту әдістемесі ілімін қалыптастырып, дамытуға қосқан үлесі оның ғылыми-әдістемелік еңбектері негізінде талданып, бүгінгі қазақ тілін оқыту әдістемесі ғылымымен сабақтастығы көрсетілген.



Жұбанов Қ. Қазақ тіл білімінің мәселелері – Алматы, 2013 – 640 бет.


Қазақ кәсіби тіл білімінің негізін салушы профессор Қ.Жұбанұлының тіліміздің фонетикасы мен грамматикасын ғылыми тұрғыда сипаттаған тұңғыш ізашар зерттеулері, өз кезеңінің тіл құрылысына қатысты, атап айтқанда, алфавит пен емле, терминология мен оқулықтар жазу ісін сөз ететін еңбектері осы ғылыми жинақта түгел қамтылып отыр. Сондай-ақ кітапқа ғұлама ғалымның әдебиет пен өнер, оқу-білім мен мәдениеттің өзекті мәселелерін қамтыған мақалалары да еңгізілді.



Жұбанов Қ. /Жалпы редакциясын басқарған филол.ғ.д., профессор М.Малбақов – Алматы: «Шафран» ЖШС, 2013 – 528 бет. – (Ұлы дала тұлғалары)

«Ұлы дала тұлғалары» сериясымен жарық көріп отырған бұл ғылыми – танымдық еңбекте қазақ тіл білімінің ғылыми – теориялық негізін салушы, қазақ филологиясының тұңғыш профессоры, ағартушы – ғалым, қоғам қайраткері Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың өмір жолы, қоғамдық қызметі баяндалады. Оның тіл білімі саласындағы еңбектері, ғылымға қосқан жаңалықтары мен соны тұжырымдары, қазіргі ғылыми парадигмамен сабақтастығы, теориялық маңыздылығы талданып, ғалымның ғылыми тілдік тұлғасы жан-жақты ашылады.

Кітап тіл мамандарына, көпшілік оқырман қауымға арналған.



«Көптілділік және мәдениеттер үнқатысымы» халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдарының жинағы. – Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе ӨМУ баспа орталығы, 2014. – 502 с.

Бұл ғылыми жинаққа Көптілдік және мәдениеттер үнқатысымы халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары енгізілген. Жинақ гуманитарлық ғылым бағытындағы зерттеушілер мен филологтарға арналған. Жинақтағы материалдар авторлық редакциямен шығарылды.

Терекова Ф.Е. Особенности полиязычия профессора К.Жубанова// «Көптілдік және мәдениеттер үнқатысымы» халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдарының жинағы - Сборник материалов международной научно-теоретической конференции «Полиязычие и диалог культур».. – Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе ӨМУ баспа орталығы, 2014. – бет.206-208

Ұлықпанова Ә.Ж., Қаниятов Н.Ә. Қ.Жұбановтың әдеби – танымдық ізденістері туралы бірер сөз// Көптілділік және мәдениеттер үнқатысымы» халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдарының жинағы. – Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе ӨМУ баспа орталығы, 2014.- бет. 339-341

Жазықова М.Қ. Қ.Жұбановтың «Қазақ тілі грамматикасы» оқулығының ерекшеліктері // Эпос тілін зерттеудің өзекті мәселелері: Көрнекті фольклортанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Есет Жұбановтың туғанына 80 жыл толуына арналған халықаралық дөңгелек үстел материалдары. – Алматы, 2011. – б.215-221

Қаршығаева А. Профессор Қ.Жұбановтың дыбыс жіктелімінің артикуляциялық талданымы // Эпос тілін зерттеудің өзекті мәселелері: Көрнекті фольклортанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Есет Жұбановтың туғанына 80 жыл толуына арналған халықаралық дөңгелек үстел материалдары.– Алматы, 2011. –б. 222-225

Жұбанов А.Қ. Ұлттық филологиямыздың тарихында алғаш профессор атағы берілген Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың тағдыры жайында // Эпос тілін зерттеудің өзекті мәселелері: Көрнекті фольклортанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Есет Жұбановтың туғанына 80 жыл толуына арналған халықаралық дөңгелек үстел материалдары – Алматы, 2011. – б. 49-57

Жубанова А.Е. Концепция языкового строительства в контексте национальной идеи Лаборатории Жубановедения // Эпос тілін зерттеудің өзекті мәселелері: Көрнекті фольклортанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Есет Жұбановтың туғанына 80 жыл толуына арналған халықаралық дөңгелек үстел материалдары – Алматы, 2011. – 58-68

Жонысова М.Ж. Қожа Ахмет Ясауи және сопылық әдебиет дәстүрі: Профессор Қ.Жұбанов зерттеулері бойынша // Эпос тілін зерттеудің өзекті мәселелері: Көрнекті фольклортанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Есет Жұбановтың туғанына 80 жыл толуына арналған халықаралық дөңгелек үстел материалдары – Алматы, 2011. –б.136-142

Ұлықпанова Ә, Есбосынова Ж. Құдайберген және Есет Жұбановтардың еңбектеріндегі түркілік таным // Эпос тілін зерттеудің өзекті мәселелері: Көрнекті фольклортанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Есет Жұбановтың туғанына 80 жыл толуына арналған халықаралық дөңгелек үстел материалдары – Алматы, 2011. –б.

***Құрметті оқырмандар!
Ұсынылып отырған кітаптармен кітапханада
танысуға болады.***